

С. К. МАЙЛЫБАЕВА

## ТАБИҒАТ СЫРЫНА ЖЕТІК СУРЕТКЕР

Сан ғасырды артқа тастап, уақыт өте келе қазіргі өркендеп дамыған біздің әдеби шығармаларымызда пейзаждық көріністердің рөлін ойнату барысында шығармада өртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып берілу жолдарына сәйкес эстетикалық талғам, талабына сай көркемдегіш құрал ретінде пайдаланылып отыр. Шығармадағы адам образын жасаудың өртүрлі жолдары мен әдіс-тәсілдері бар. Ондай көркем шығармалардағы көркемдік оралымдар оқиғаның қай кезде, қандай жағдайларда болғандығын көзге елестетіп көрсететін оқиға барысындағы кейіпкер бейнесінен пейзаждың қатысынсыз айтарлықтай әсем образдар шықпаған болар еді. Кейде суреткер өз шеберлігін шыңдай түсу мақсатында табиғат көрінісін өз шығармасына ендіргенде, оған оқырманын сендіре түсу арқылы оқиға кезеңдерінің сыр-сипат мазмұнын әр қырынан әрлендіре түседі. Ойлау фантазиясы мен сөздік қорын орнымен пайдалана білу тапқырлығын, стиліндегі сәтті берілген образ алуандығын арттырады, сол арқылы адам өмірінің белгілі бір кезеңін, оның бойында болып жатқан жан толқынысын баяндайды.

Әрбір ақын-жазушының сөз қолдану кезінде өз шеберлік, әдіс, тәсілдері бар. Сол әдістерді аршып, анықтап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, ғылыми айналымдарға түсіру үшін жазушының шығармашылық құпиясының сырын ашу, шеберлігін саралау барысында ғана қол жеткізетін дүние. Осы тұрғыдан келгенде суреткер пейзажды көркемдегіш құрал ретінде қалай пайдаланды деген мәселеде ұлы суреткер М.Әуезовтің бұл жанрға мән берісі ерекше. Ол қалам тартқан шығармасының қай-қайсысында да қазақ даласының көктемі мен жазы, боранды қысы, жауынды-шашынды күзі әсер етерліктей жағдайда бейнеленген.

Әуезовтің пейзаж көріністері шындыққа жақын дәлдікте беріледі. Оқиға болған жердің жағдайларын жақсы біледі, оған алдын ала дайындық жүргізеді. Оларды бойына сіңіріп сезінбейінше енгізбейді. Сондықтан да шығармадағы көріністер бір-бірін қайталамастай болып сенімді

шығады. Мысалы бір ғана атақты “Абай жолы” роман эпопеясында табиғат көріністері ірілі-ұсақты 368 рет берілуі, әрқайсысы жағдайға қарай өртүрлі мақсатқа құрылып отыруы Әуезовке тән көркемдік оралымдарды анықтайды. Көңілге ойтуғызар құбылыстарды айнытпай сол күйінде бере алады.

Әуезовтің өз сөзімен айтқанда “Романдағы географиялық атаулар, пейзаж – бәрі де шындық, әсіресе пейзаж – Абай туған даланың жай, жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың жай, сырлы суреттері, түрліше оқиғаларға куә жайлау, қоныс, тау аттары өз күйінде алынды” – десе, 1943 жылы Мәлік Ғабдуллинге жазған хатында: “Мен Абайдың екінші кітабын жазудың үстіндемін – дей келіп... Қыс бойы. Осы шаққа шейін де көп жұмыс істеп ем. Қаладан шықпай колхозды да көптен көре алмадым, сондықтан бір жағы демалыс, бір жағы жүріс, Абай ауданына жүрейін деп отырмын.

Бұл барыста романның екінші кітабына керекті пейзаж көріністер, табиғат ерекшелігі сияқты бояуларды, әсіресе жия қайтпақпын. Бұрын роман жазбай жүргенде өз ауданымызды біліп жүргеніміз жеткілікті сияқты еді. Арнап қадағалап суреттеуге кірісем дегенде қайта қарап, сол Жидебай, Түйеөркештерді қайтадан көріп алу мақсатым бар...” дегені шындықтан ұзамаған жазушының шығармасына қандай дайындықпен келгендігі, пейзажды айнытпай сол күйінде берілуінің сыры осындай ойлардың өзінде-ақ жатқан сияқты. Романдағы табиғаттың әсем көрінісін оқып отырғанда әр жердің өзіндік ерекшеліктерін қатты ескергенін байқаймыз. Жер-су аттары дәл алынып, оқиғаға сәйкес беріледі.

Жаратылыстың әрбір көрінісін идеясына сай үнемі құбылтып, кейіпкердің ой сезімімен беріп отырады. Сондықтан да кейіпкердің көңіл-күйі табиғатпен ұштасып, қуанса да, ренжісе де үнемі тұтастық бірлікте көрінеді.

Әуезов шығармаларында пейзаж бірнеше тәсілдермен: а) оқиғаның болған кезеңіне сай мезгілді, оған жылдың қай кезі, уақыты көрсетілсе;

ө) мекендік мәнде — жер, су, тау қыраттары мен ауыл аймақ төңірегі; б) құбылыстың дыбыстары, шөптің сыбдыры, бұлақтың сылдыры, желдің уілі, ұлыған боран, тасыған өзен гүрілі, тенеу, салыстырулар философиялық ойменен жинақталып символды образдармен берілуі мейлінше нанымды, “контраст” қою арқылы келуі өзінің авторлық идеясына сәйкестендіру әдісі — мысалы Алматыда жатқан Әбіштің ауыр дертіне байланысты сыртта жарқыраған күннің қуанта жайнатқан аспаны сондай мөлдір, таза, көкпенбек болса, үй ішінде Мағаш жалғыз сарылған қалпында аурулы, әлсіз Әбішті күзетіп отырады.

Енді бірде кейіпкердің ой сезімін түсінулері арқылы адамның ішкі сезіміне, көңіл-күйі мен психологиялық толғаныстарына қарай суреттеліп кейіпкердің характерін, мінез-құлқын ашуға көмектеседі. М.Әуезов қазақ әдебиетіндегі пейзажды қолдануда классикалық үлгілері болып табылатын суреттер жасап берген. *“Ақпан, қаңтар бірдің айы баршасы да Абайлар жүріп келе жатқан сары дала қоңыр адыр, сай-сала, қар қойнауларға өздерінің ақ ирек, сар-кідір омбыларын, оқаттарын, мұздақ жалтырларын жапқан көрінеді. Қарлы оюлар ышқынып соққан жел іздерін дәлелдейді. Даңғыл қара жол жоқ”*. Жазушының пейзажды оқиғаның болған орнын, мерзімін дәл көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге әрқашан кейіпкердің характеріне жанама типтік сипаттарын, олардың өзара қатынастарын мейлінше мол ашуға көмектеседі. *“Қарлы дала ымыртқа тақау, қарауытпай көкшіл тартқан. Ақ-көк реңді суық дала, қоңыр күңгірт биік мола тұр. Жүз жыл бойы бар өңірден басы озған шошақ сопақ қалпында әлі балғын. Қобыраған жері жоқ. Кеңгірбайдың аруағы исі олжай Жігіттектің надан нәсіліне әлі қандайлық қадірі, құдіреті болса, моласы да сол жүз жылғы мызғымас меңіреу, тылсым қуатынан айнымағандай”*.

Романдағы ел өмірі бір қалыпты болмайды: шындықты қайшылығы мен жылдың төрт мезгілі сияқты жазы-қысы, көктемі күзімен айқындап алады. Ел тіршілігі бір жағынан жаз бейнелі болып келсе, екінші жағы қыс мезгіліндей сергелденде өтеді. Абайдың жастық, жігіттік шағы дүрбелең дәуірде өтіп, осындай қарбалас өмірдің ортасында өсіп есейеді. Дала табиғатының тамаша суретін өзінің алған әсерімен дәлме-дәл беруі *“Ұзарып өскен сар селеу, оңнан соққан баяу жел астында тынымсыз қозғалады. Күміс толқын бетіндегі боп, кейде жылтырай түсіп, сәл сыбдыр-*

*дай болымсыз жыбыр қағады. Көзге ілінер-ілінбес жиі толқын. Жаңа жібек жүзіндей, үнемі тынымсыз құбылған, ақ теңіздің жүзі жатыр. Күз тақау болғандықтан бетеге — бурыл, көде сарғыш. Көктемде жасыл желек көк шашақ атқан сасыр, қурай да қазір қызара сарғайған. Семіп солған реңмен өтіп жатқан дәуренді, семіп қалған өмір — тірлік дәуренсіздігін дәлелдейді”*.

*“Алыста қоңыр көкшіл тартып, бүктүсіп жатқан бір адыр Шолақ терек көрінеді. Өлі дүниеден үнсідік, сарылғандық бар”*. Абай өзінен-өзі жетімсіреп жүдеулік сезеді. Немесе *“Толық ай ашық көкті қалқып сызып келіп, бір шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті”*.

*Қара қошқыл кілегей бұлттың жоғарғы шетін ала кірген ай бір көрініп, бір сүңгіп машығынан тыс жылдам жүріп, дәл жасырынбақ ойнағандай құбылды. Кейде біржолата жоғалып батып, артынан тез жарқ етіп шыға келеді де лезде тағы жомады”*.

Түнгі мезгілдерді суреттеуі, оның өлі тыныштығының белгілі бір заңдылыққа сәйкестендіріп өртүрлі оқиғаға себепші болуы кейде кейіпкердің қылмыстарға баратын кезі де осы кезеңге орай өтеді.

Жазушы шығармасының бойынан көрінетін ерекше қасиеттер табиғатты эстетикалық талғаммен қабылдай білуі. Көркем әдебиеттің ең басты бағалылығы, эстетикалық мәні дейтініміз көркем шығарма бәрінен бұрын кейіпкердің жан-жақты сұлулығын бейнелеуі шарт. М.Әуезов пейзажист ретінде осы мақсатта биік тұрғыдан көрінеді.

Сөз қолдануда өзіне үлкен талғаммен қарап, өзіне-өзі қатаң талап қоя білген. Суреткер өзгенін шеберлігін үйренуден қашпайды, қайта өз тұстастарының көзге түсер жақсы қасиеттері мен шеберлігін көрсе соны танып, өзіне қабылдағысы келіп, соның шеберлігіне үніледі. Орыстың классик жазушыларының сөз иірімдеріне терең бойлай жүріп, көркемдеудің сырларын меңгерген. Осылардың ішінде сұлу сөзді тере білген, одан әдемі көркем суреттер жасаған Тургеневті ерекше жақын тартып, талантына ден қойған. Оның табиғат құбылыстарын шеберлікпен қолдана білген ерекшелігін үйренуге аса зор көңіл бөлген. Екі алыптың да шығармасындағы алып отырған объектісі кейіпкер — адам. Соның төңірегінде болып жатқан оқиғаны табиғатпен қатар қойып өрбітіп отырады. Оны Тургеневтің “Дворян ұясы” романының аудармасы кезінде көреміз. Екеуінің ойлау денгейі әдебиетте қатар тұруы осы аудармасына сай *“Орыстың ұлы классикалық әдебиет*

үлгісін аудару арқылы аудармашы — жазушы мен өзім сол асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын және әсіресе Тургеневті өз қалпында беру арқылы сол шебердің, оның нақтылы өзгешеліктерінің бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын”, — деп үлгі тұтқан.

Әдебиет зерттеуші ғалым М.С.Брагинскийге “Характер ашу жағынан маған ең мықты әсер еткен кім екенін білесіз бе? Таба алмайсыз. Ол Тургенев” — деген екен ұлы суреткеріміз М.Әуезов.

Дүние жүзі аренасына көтерілген “Абай жолы” романын әкелген Әуезовті әдебиет төрінде кемеліне келген академик жазушы деп қарасақ кеңес өкіметі тұсында өмір сүрген замандастарының өміріне байланысты туған шығармашылық еңбегіне келу жолынан да бұрынғы жазушының өзіне тән соқпағын көреміз. Өмір бойы өз шығармасына сыни көзбен қарап, кейбір детальдарды анықтай түсетіні, оған алдын ала дайындалғанына “Өскен өркен” романын жазу кезінде “... бір кітап жазып бітуге аз қалдым. Оның көп оқиғасы Шаянда өтеді. Сонда кездесетін жер, су аттарын тағы бір рет салыстырып, әбден анықтап алуым керек”, — десе, “Жолда” деп аталатын жазушының жолжазба дәптеріне көз салсақ оңтүстік өңіріне барған шығармашылық жол сапары кезінде Шаян өңірінің мал жайлымдарын аралап жүріп, “Шаян” 54-бет, 1961 жыл, апрель” деп бастайды да сол жердегі жайылымдағы жерден көргендерін “*Ірге жолдың түбіне барған жеріміз Үшқұдық. Бергінің бәрі шайыр делінеді. Өсімдіктері: сексеуіл, жүзген, түйесіңір (мал жейді). Қоянсүйек, теріскен шөптер, құртта шаш, ыраң, алабота (шытыр), балықкөз, шайыр, еркек (ең жақсы шөп), сіңбірік боз, келіншекбоз, изен, торгай оты, киік оты, ешкі өлмес, тікен (жақсы) осының бәрі қыста болады. Мырзабайдағы шөп: жусан, ұлтанды шөп, сіңбірік боз, майда шөп*

*көп, баялыш, қызғалдақ, қоңырбас, мысыққұйрық, күреңсе*”, — деп жеке шөптердің аттарын дәптеріне тізіп жазып қойған.

Тағы бірде “Берден ақсақалдан — осы құмда қандай шөптер өседі — деп сұрағанда : изен, жүзген, көген, жусан”, — деген мысалдардан-ақ шығармасын жазбас бұрын сол оқиға болған жерлерге бірнеше рет барып, анықтап, қайта қарап шыққан жазушының іздену, өсудегі еңбекқорлығына кепіл боламыз.

Жоғарыда тілге тиек етілген көріністер жазушының аяқталуға тақаған кітабының бір арқауы етіп алғалы отырған мысалдарының куәсі болды. Енді осы жеке-жеке аталған жолжазбадағы өсімдіктер атауы “Өскен өркен” романында “*Жолда қой баласы оқта-текте жылжи отырып, талшық ететін Мырзабай даласының жусаны, еркегі кей тұстың көкпегі қылтанақтап болса да қар астынан көрініп отырды. Арасында ығы көп бұта, көде және бар. Кей жерінде бозқараған, еркек жусан, тағы бір тұсында ыраң, селеу тәрізді әр атаның ұлы қойға талшық жемі бар екен. Қойдың өзі де осы сайға шұбырып кеп кіреді де жатып алады*”.

Міне, жолжазба дәптеріндегі жазушының жеке-жеке сөздіктері сөйлемге еніп кеткен кезде осындай тірі көріністерге ие болып шыға келетін мысалдардан шығармада өз шешімін тауып әдемі өрілген табиғат көрінісіне кезігеміз.

Біздің жоғарыда айтып өткен мысалдарымыздан суреткердің шығармаларына табиғат әлемін қалай пайдаланып, шығармасына нендей мақсатта ендіріп, осы көркемдегіш құралды қалай меңгеріп, қандай тәсілдерді пайдаға асырып отырғанын анықтайтын мағлұматтармен таныстырып өттік.

Ұлы жазушының шығармашылық құпияларына үніле білген кісіге берері көп тағылымдары, алары мол, жастарды көркемдік шеберлікке жетелер өнегесі бар салалары жетерлік.